

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1113 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 желтоқсандағы N 1201 Қаулысымен, оған 2-тармағын қоспағанда

ҚОЛДАНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Осы қаулы ҚР Үкіметінің 08.12.2007 N 1201 қаулысымен, оған 2-тармағын қоспағанда, күшін жойды.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі туралы е р е ж е ;

2) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі;

3) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Табиғатты қорғауды бақылау комитеті құрылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министріне екі вице-министрі болуына рұқсат берілсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.27. N 134 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен іске асырылатын Жарлыққа қол қойылған күнге сәйкес келетін қажетті материалдық-техникалық құралдарды Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне беруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. М ы н а л а р д ы ң :

1) "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6

қарашадағы N 1173 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж.

, N 39, 398 - қ ұ ж а т) ;

2) "Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі " Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Қазақ қоршаған ортаны қорғау және климат мониторингі ғылыми-зерттеу институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 1240 қаулысының 5-тармағы 3) тармақшасының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 46, 509-құжат) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 8

қ а з а н д а ғ ы

N

1 1 1 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалануды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру жөніндегі басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы о р г а н б о л ы п т а б ы л а д ы .

Министрліктің негізгі міндеті қоршаған ортаның сапасын жақсарту және қоғамның экологиялық тұрақты дамуының қолайлы деңгейіне қол жеткізу болып т а б ы л а д ы .

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге а с ы р а д ы .

3. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық

органдарында шоттары болады.

4. Министрліктің ведомствосы - Табиғатты қорғауды бақылау комитеті, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің ұйымдық-құқықтық нысанындағы аумақтық органдары - облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармалары бар.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер заңнамаға сәйкес оған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

7. Министрлік қабылдайтын шешімдер Министрдің бұйрығымен ресімделеді.

8. Министрліктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының
Үкіметі бекітеді.

9. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

10. Министрліктің заңды мекен-жайы: 473000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы,
31.

11. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Министрлікке Министрліктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге
тыйым салынады.

14. Егер Министрлікке заңнамалық кесімдермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген болса, онда осындай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Министрліктің негізгі функциялары мен құқықтары

15. Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды жүзеге асырады:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін стратегиялық функциялар:

тұрақты даму үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттік экологиялық сараптама, рұқсат ету, лицензиялық және экологиялық-сараптама қызметі, нормалау және стандарттар саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін, сондай-ақ ұтымды табиғат пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды ынталандырудың экономикалық әдістері мен тетіктері жүйесін ұйымдастыру және жетілдіруі;

қоршаған орта, климат пен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін, сондай-ақ гидрометеорологиялық бақылаулар мен метеорологиялық қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру және жетілдіру;

өз құзыреті шегінде меншік нысанына қарамастан, мемлекеттік органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің табиғат қорғау заңнамасын сақтауын және орындауын қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру;

қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы заңнаманы жетілдіру және халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру;

қоршаған ортаны қорғаудың ғылыми негіздерін қалыптастыру және дамыту, қоғамның экологиялық мәдениетін арттыру;

қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы халықаралық конвенциялар мен келісімдерді іске асыру аясындағы саясатты әзірлеу;

мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаларды және әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын келісу;

мемлекеттік және салалық (секторалдық) экологиялық бағдарламаларды әзірлеу және өңірлік экологиялық бағдарламаларды қалыптастыруда әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеу, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму бойынша талаптарды нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

экологиялық-сараптама қызметін үйлестіру; экологиялық аудитті жетілдіру жөніндегі әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

экологиялық сақтандырудың тетіктерін жетілдіру, қоршаған ортаға келтірілген қатер мен зиянды бағалау әдіснамасын айқындау;

қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалануды басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;

белгіленген тәртіппен қоршаған ортаға әсер етуді бағалау және мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі, оларды жүргізу тәртібін қоса алғанда, нұсқамалық-әдістемелік құжаттарды әзірлеу және бекіту;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы бюджетті болжауды және индикативтік жоспарлауды әзірлеуге қатысу;

өз құзыреті шегінде халық санын дамыту саясатын іске асыруға қатысу;

қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы ақпаратты түсіндіру, насихаттау және тарату жөніндегі жұмысты үйлестіру;

өз құзыреті шегінде экологиялық талаптарды, шаруашылық және өзге

қызметке қойылатын стандарттар мен нормативтерді әзірлеу және жетілдіру, сондай-ақ келісу, оның ішінде:

қоршаған ортаға ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділеріне, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыруға лимиттер мен квоталарды; атмосфераға шекті рұқсат етілетін шығарындыларды, жер үсті және жер асты суларына төгінділерді, зиянды заттарды көмудің және жергілікті жердің рельефі мен жер қойнауында қалдықтарды орналастырудың рұқсат етілетін көлемдерін қоса алғанда, қоршаған ортаға әсер етудің нормативтерін;

қоршаған ортаның ластануы үшін, оның ішінде, атмосфераға шығарындылар, жер үсті және жер асты суларына төгінділер, зиянды заттарды көму және жергілікті жер рельефі мен жер қойнауында қалдықтарды орналастыру үшін төлемдер нормативтерін белгілеу;

2) мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету функциялары:

тұрақты даму үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруды салааралық үйлестіру;

қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы халықаралық конвенциялар мен келісімдерді іске асыру;

халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру және үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияларды беру және тауарлардың экспорты мен импортына, қызметтің өзге де түрлеріне лицензияларды беру туралы шешімдерді келісу;

табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларын жүргізу және сүйемелдеу жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;

табиғат пайдалануға рұқсаттарды беруді, есепке алуды және күшін жоюды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

мемлекеттік және салалық (секторалдық) экологиялық бағдарламаларды орындауды ұйымдастыру;

тұрақты даму үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету;

қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы ақпаратты таратуды қамтамасыз ету;

қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

құпиялылық, құпия іс жүргізу режимін қамтамасыз ету және өз қызметі шеңберінде мемлекеттік құпияларды техникалық қорғауды ұйымдастыру жөніндегі функцияларды жүзеге асыру;

жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру жөніндегі іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру және үйлестіру.

16. Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен негізгі міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру үшін:

1) қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану мәселелері бойынша келісімдерді (меморандумдарды, декларацияларды) жасасуға;

2) өз құзыреті шегінде табиғи ресурстарды пайдалануға шарттарды (келісім-шарттарды) келісуге;

3) өз құзыреті шегінде қоршаған орта сапасының нормативтерін әрі шаруашылық және өзге де қызмет жөніндегі экологиялық талаптарды бекітуге немесе келісуге;

4) үлгі ережелерді бекітуге және өндірістік мониторинг пен бақылау бағдарламасын келісуге;

5) өз құзыреті шегінде ғылыми зерттеулер бағдарламаларын бекітуге, сондай-ақ экологиялық білім беру жөніндегі бағдарламаларды қалыптастыруға қатысуға;

б) қоршаған ортаны қорғау саласындағы сараптау комиссияларының дербес құрамын айқындауға;

7) мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдар мен жеке тұлғалардан өз құзыреті шегінде қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

8) ведомстволық бағыныстағы ұйымдар мен кәсіпорындардың ішкі аудитін жүзеге асыруға құқылы.

3. Министрліктің мүлкі

17. Министрліктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады. Министрліктің мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Министрліктің теңгерімінде көрсетілген өзге де мүліктен тұрады.

18. Министрлікке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

19. Министрліктің оған бекітіп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ. Министрлікке заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

20. Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министр басқарады. Министрдің, оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметтерге тағайындайтын және қызметтерден босататын орынбасарлары (вице-министрлері) болады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.27. N 134 қаулысымен.

21. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды әрі Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жауап береді.

22. Министр осы мақсатта:

1) өз орынбасарларының (вице-министрлердің) және Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен Министрліктің аумақтық органдары басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес комитет төрағасының орынбасарларын, Министрлік аппаратының қызметкерлерін, аумақтық органдар мен ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік аппаратының қызметкерлеріне, Министрліктің ведомстволары мен аумақтық органдарының басшыларына тәртіптік жаза және көтермелеу шараларын қолданады;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде Министрліктің және оның аумақтық органдарының құрылымын, Министрліктің ведомстволары туралы ережелерден басқа, құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдар туралы ережелерді бекітеді;

5) Министрліктің бұйрықтарына қол қояды;

6) қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының, облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының бас мемлекеттік экологиялық сарапшыларын және бас мемлекеттік инспекторларын тағайындайды;

7) басқа мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Министрлікті білдіреді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

23. Министрліктің Министрдің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын алқасы болады. Алқаның сандық және дербес құрамын Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының қатарынан Министр бекітеді.

24. Министрлік жер қойнауын, қоршаған ортаны қорғаудың және табиғи ресурстарды пайдаланудың проблемалық мәселелерін қарау мақсатында ғылыми-техникалық кеңес, мемлекеттік экологиялық сараптама кеңесін, басқа да кеңестер мен жұмыс топтарын құрады. Кеңестер туралы ережелер мен олардың дербес құрамын Министр бекітеді.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

25. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1113 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 11.08.2006 N 758 Қаулысымен.

1. "Қазгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.
2. "Қазаэросервис" акционерлік қоғамы.
3. "Қоршаған ортаны қорғау ақпараттық-талдау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.
4. "Қазақ экология және климат ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1113 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.21. N 1338 қаулысымен.

- А қ м о л а о б л ы с ы
1. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ақмола облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.
А қ т ө б е о б л ы с ы
 2. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ақтөбе облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.
А л м а т ы о б л ы с ы

3. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Алматы облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

А т ы р а у о б л ы с ы

4. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Атырау облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Ш ы ғ ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

5. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Ж а м б ы л о б л ы с ы

6. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Жамбыл облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Б а т ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

7. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Батыс Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Қ а р а ғ а н д ы о б л ы с ы

8. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қарағанды облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Қ о с т а н а й о б л ы с ы

9. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қостанай облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Қ ы з ы л о р д а о б л ы с ы

10. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қызылорда облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

М а ң ғ ы с т а у о б л ы с ы

11. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Маңғыстау облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

П а в л о д а р о б л ы с ы

12. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Павлодар облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

С о л т ү с т і к Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

13. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

О ң т ү с т і к Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

14. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

А с т а н а қ а л а с ы

15. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Астана қалалық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

А л м а т ы қ а л а с ы

17. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Алматы қалалық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК